

**№80 «Ботақан» балабақшасының
қамқоршылық кеңес алдында меңгеруші балабақшаның өзін-өзі бағалау
қорытынды нәтижесі бойынша есеп беру отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткізу күні: 13.01.2022ж.

Қатысқандар: 21 адам

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Әкімбек Динара Ержановна – ата-ана мүшелері: Балгазина Д.

Жапатова У.

Махитина Г.

Есова А

Жұмажанова А

Алина А.

Күн тәртібінде:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2021 жылғы 10 қарашадағы № 133 бұйрығының қосымшасына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындысының есебі.

Жауапты: меңгеруші Ж.С.Дюсенова

І.Тыңдалды: меңгеруші Ж.С.Дюсенова 2021 жылғы 12 қараша -31 желтоқсан аралығында өткен балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудың өзін-өзі бағалау қорытындысының есебі.

Тыңдалды: меңгеруші Ж.С.Дюсенова

Нұр –Сұлтан қаласы әкімдігінің № 80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК 2021 жылының 12 қарашасы мен 31 желтоқсан аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзі-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілді.

Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізіуіне байланысты кешенді- мақсатты жоспар әзірленді.

Балабақшаны өзі-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі комиссия құрылып, жұмыс атқарды: комиссия төрайымы болып балабақша меңгерушісі Ж.С.Дюсенова тағайындалды, комиссия мүшелері: әдіскер

Ж.Ескеева, жоғары санатты Ж.Жанакулова, бірінші санатты М.Сатпаева және психолог Ұ.Е.Мұхамбетәлі болды. Меңгеруші балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындыларымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырып өтті (есеп қосымша берілген).

Тыңдалды: қамқоршылық кеңес төрайымы Әкімбек Динара Мұратбек кызы, ол өз сөзінде жалпы балабақша жұмысымен 4 жыл көлемінде таныс екенін айтып, бірінші баласы осы балабақшада тәрбие алғанын және екінші баласыда осы балабақшада тәрбиеленіп жатқанын айтты. Сонымен қатар, балабақша жұмысына көңілі толатынын айтып, педагогтар өте жылы жүзді, балаларымыз балабақшаға қуана келеді және бейімделу кезеңінде балаға, ата-анаға көңіл бөлінетінін айтып, педагогтардың білікті мамандар екеніне толықтай сеніммен айта аламын деді. Біз қамқоршылық кеңес мүшелері балабақша жұмысына оң баға беріп, әрдайым қолдауға дайынбыз деп сөзін аяқтады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өзіндік баға беру қорытындысын және балабақшаның өзіндік баға беру бағасын бір ауыздан қабылдады

Тыңдалды: әдіскер Ж.Б.Ескеева сөзінде, білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылу, оның ішінде, оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылған талаптарға сәйкес комиссия мүшелері жұмыс жасағанын айтты. Комиссия бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын мерзімге сәкес жүргізді. Сонымен қатар, комиссия мүшелері тәрбиеленушілердің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама жүргізіп, балабақша тәрбиеленушілерінің білім, білік, дағды көлемін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес меңгеруін анықтап қорытындылады деді.

Шешімі:

Материалдарды дайындап, Нұр-Сұлтан қаласының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бағалау бөліміне мерзімге сәйкес тапсырылуын ұсынылсын.

Төрайымы:

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ж.С.Дюсенова

Д.Е.Әкімбек

Ж.К.Конакбаева.

